

Астана қаласы мәслихатының 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 107/15-III "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған қалалық бағдарламасы туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Астана қаласы мәслихатының 2007 жылғы 30 наурыздағы N 355/-45-III Шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2007 жылғы 4 мамырда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 466 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 29/6-IV шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2007.12.12 N 29/6-IV шешімімен.

Астана қаласы әкімдігінің ұсынысын қарастырып, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңның 6-бабын басшылыққа ала отырып, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Астана қаласы мәслихатының 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 107/15-III "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған қалалық бағдарламасы туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 375 тіркелген, 2005 жылғы 26 ақпанда N 28-29 "Астана хабары", 2005 жылғы 10 және 15 наурызда N 36, 39 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланды) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

осы шешіммен бекітілген, тілдерді қолдану мен дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған қалалық бағдарламаның:

8 бөлімінің 2 тарауы осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес 24-1, 24-2, 24-3, 24-4, 24-5, 24-6, 24-7, 24-8, 24-9, 24-10, 24-11, 24-12 тармақтарымен толықтырылсын;

8 бөлімінің 3 тарауының 27 тармағы осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

8 бөлімінің 4 тарауы осы шешімнің 3 қосымшасына сәйкес 55, 56, 57, 58 тармақтарымен толықтырылсын.

2. Осы шешім қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

*Астана қаласы мәслихаты
сессиясының төрағасы*

*Астана қаласы мәслихатының
хатшысы*

24-3.	Мемлекеттік тілде іс жүргізетін мемлекеттік қызметкерлер арасында конкурс өткізу.	Есеп беру	Тілдерді дамыту басқармасы	II, III тоқсандарда 1 рет, IV тоқсанда 2 рет	4 млн. 400 мың теңге	лікті бюджет қаражаты шегінде
24-4.	Мемлекеттік тілде іс жүргізу мәселелері бойынша қызметкерлерге әдістемелік көмек көрсету және кеңес беру.	Ақпарат	Тілдерді дамыту басқармасы	Жеке жоспар бойынша	Қаржыландыруды талап етпейді	
24-5.	Тілдерді оқыту орталықтарының қызметін үйлестіру.	Ақпарат	Тілдерді дамыту басқармасы	Ұдайы	Қаржыландыруды талап етпейді	
24-6.	Тәжірибе алмасу және мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының қазақ тілін оқыту әдістемесін зерделеу жөнінде конференция өткізу.	Ақпарат	Тілдерді дамыту басқармасы	2007 жылғы мамыр-маусым	3 0 4 м ы ң 5 6 8 теңге	Жергілікті бюджет қаражаты шегінде
24-7.	Тілдерді оқыту орталықтарында қазақ тілін оқыту әдістемесін жетілдіру.	Ақпарат	Тілдерді дамыту басқармасы	Ұдайы	Қаржыландыруды талап етпейді	
24-8.	Тілдерді оқыту орталықтарының, жалпы білім беру мектептері мен орта арнайы оқу орындарының базаларында	Есеп беру	Тілдерді дамыту басқармасы, Білім	Жыл бойы	Қаржыланды-	

	қазақ тілі курстарын ұйымдастыру.		департаменті		руды талап етпейді	
24-9.	Қазақ тілі курстарының тыңдаушыларына психологтардың қатысуымен дәрістер мен семинарлар өткізу.	Ақпарат	Тілдерді дамыту басқармасы, Білім департаменті	Жыл бойы	3 млн. 614 мың 016 теңге	Жергілікті бюджет қаражаты шегінде
24-10.	Қазақ тілі сабақтарының тиімділігін арттыру, мемлекеттік тілде іс жүргізу мәселелері бойынша ғалымдар мен тәжірибелі мамандарды тартумен семинар, тренинг, шебер-класс және "дөңгелек үстелдер" өткізу.	Есеп беру	Тілдерді дамыту басқармасы, Білім департаменті	Жеке жоспар бойынша	4 млн. 237 мың 080 теңге	Жергілікті бюджет қаражаты шегінде
24-11.	Тілдерді оқытуда инновациялық технологияларды пайдалану жөнінде іс-тәжірибені қорытындылау бойынша әдістемелік материал (брошюралар) дайындау.		Тілдерді дамыту басқармасы, Білім департаменті	Жеке жоспар бойынша	94 мың 200 теңге	Жергілікті бюджет қаражаты шегінде
	Қазақ тілінен білім деңгейіне мониторинг, бақылау және бағалау					

24-12.	жүргізу үшін автоматандырылған тестілеу жүйесінің әзірлеуіне ықпал жасау.	Ақпарат	Тілдерді дамыту басқармасы	2007 жылғы мамыр	Қаржыландыруды талап етпейді	
--------	---	---------	----------------------------	------------------	------------------------------	--

Астана қаласы мәслихатының хатшысы

2007 жылдың 30 наурыздағы

Астана қаласы мәслихатының

355/45-III шешіміне 2 қосымша

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған қалалық бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына өзгерістер

3. Ғылыми-лингвистикалық тұрғыдан қамтамасыз ету

N	1.	2.	3.	4.	7.	8.
27.	Мемлекеттік тілді қоғам өмірінің әртүрлі саласында қолдану жөнінде әлеуметтік зерттеулер жүргізу.	Ақпарат	Тілдерді дамыту басқармасы	Жыл бойы	2 млн. 396 мың 826 теңге	Жергілікті бюджет қаражаты шегінде

Астана қаласы мәслихатының хатшысы

2007 жылдың 30 наурыздағы

Астана қаласы мәслихатының

355/45-III шешіміне 3 қосымша

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған қалалық бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына толықтырылулар

4. Бұқаралық ақпарат құралдарында, мәдениет және халыққа қызмет көрсету салаларында тілдерді дамыту

N	1.	2.	3.	4.	7.	8.
55.	Қазақстан халықтары тілдерін дамытуға қолдау жасау үшін бейнероликтер әзірлеп, шығару.	Ақпарат	Тілдерді дамыту басқармасы	Жыл бойы	7 млн. 290 мың теңге	Жергілікті бюджет қаражаты шегінде
	Қазақстан халықтары тілдерін дамытуға қолдау		Тілдерді дамыту		3 млн. 640	Жергілікті бюджет

56.	жасау үшін көрнекілік баспа өнімдерін әзірлеп, шығару.	Ақпарат	т у бас-кармасы	Жыл бойы	мың теңге	қаражаты шегінде
57.	Көлік және байланыс, сауда, денсаулық сақтау, халыққа қызмет көрсету салаларында және анықтама-ақпараттық қызметте мемлекеттік тілдің қолданылуына жағдай жасау.	Есеп беру	Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары, кәсіпкерлік және өнеркәсіп, денсаулық сақтау департаменттері, "Астана-телеком" ҚТӨ, Анықтама-ақпараттық қызмет	Жыл бойы	Қаржыландыруды талап етпейді	
58.	Тілдерді оқыту орталықтарының мекен-жайы көрсетілген пилондар, басқа да көрнекі ақпаратты орналастыру.	Есеп беру	Аудан әкімдері аппараты	Жыл бойы	4 млн. теңге	Жергілікті бюджет қаражаты шегінде
	Барлығы:				53144	

Астана қаласы мәслихатының хатшысы